

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Тасқынбек Қазына Қанатқызы

kazina_taskin_98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, Туризм мамандығының
1- курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Шоқан Р.

Экологиялық туризмнің пайда болуы – әлемде жетекші орын алып отырған туризм саласын қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатыста ұстау болып табылады. Себебі, жыл сайын қарқынды өсіп келе жатқан туристік қозғалыстың күшеюі өнеркәсіптің, урбанизацияның және де көліктің шектен тыс көбеюі сияқты өзгерістер табиғи ортаға қауіп төндіреді. Демалыс орындарында туристердің көп шоғырлануына байланысты қоқыстардың жиналуы, музыкалық, көлік құралдарының шуы бірте-бірте ландшафтардың бұзылуына алып келеді.

Қоршаған табиғи ортаның азып-тозуының бірден-бір себебі – туристік сұраныстың туристік ұсыныстан артта қалуы. Бұл тепе-теңдікті сақтау үшін “экологиялық туризм” термині пайда болды. Мәліметтерге сәйкес, «экотуризм» терминін 1987 жылы Hector Ceballos-Lascurain біріктіріп, мынадай анықтаманы ұсынған: «Бұл ешкім тимеген немесе ластанбаған табиғи аудандарға ләззат алу үшін саяхат жасау өзіне тән табиғаттың сұлулығымен, оның жабайы өсімдіктер мен жануарлармен, сондай-ақ басқа да мәдени ерекшеліктерімен таныстыратын туризм түрі».

Экологиялық туризмді дамытуда елміздің ресурстық жинағы Қазақстан Республикасы – аумағы 2.7 млн км², әлемдегі жер көлемінің үлкендігі жөнінде 9-орындағы ел. Республика территориясы орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналарынан тұрады. Қазақстанның көптеген бөліктерін ойпаттар мен қыраттар, шығыс пен оңтүстік шығысын Алтай, Тарбағатай, Жетісу Алатаулары сияқты таулы шыңдар, Тянь-Шанның солтүстік жүйелері алып жатыр. Қазақстан мұхттар мен теңіздерден өте алшақ орналасқан, климаты шұғыл континентті. Көп бөлігін жазық далалар мен құмды алаңдар алып жатыр. Республиканың табиғаты алуан түрлі, мұнда көптеген табиғат кешендері кездеседі, яғни баз қалпында сақталған, әрі экологиялық туризмнің дамуына оңтайлы болып келеді [1].

Экологиялық туризмнің дамуында бірден-бір маңызды рөл ойнайтын және де өзінің көп үлесін қосатын Ерекше Қорғалатын Табиғи Аумақтар (ЕҚТА) болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстан республикасында 13 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 10 мемлекеттік табиғи қорық, 6 мемлекеттік табиғи резерват, 50 мемлекеттік табиғи қамал қызмет етеді. Одан басқа республикада республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының 127 геологиялық, 58 геоморфологиялық және 19 гидрогеологиялық объектісі, 5 мемлекеттік қорықтық аймағы, 26 табиғат ескерткіштері, 5 республикалық маңызы бар мемлекеттік ботаникалық бақ және 2 жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи парк қызмет етеді. Бүгінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы шамамен 24,7 млн га немесе елдің аумағының 9 % құрайды. ЕҚТА табиғат-қорғау мекемелерінің саны 117. Қазіргі таңда, Қазақстан бойынша ЕҚТА келушілер үшін экскурсия ұйымдастыру қызметімен айналысатын 143 қызметкер жұмыс жасайды (1- кесте) [2].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметті реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Жер және Орман кодекстері болып табылады.

Жоғарыда айтқандай, туризмді дамытудың ең маңызды буыны ЕҚТА экология болып табылады, себебі дәл осы аумақтарда туристер легін қызықтыратын бірегей табиғи кешендер мен тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан.

1 – Кесте

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы көрсеткіштер

	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж
Ерекше қорғалатын табиғи аумаққа келушілер саны, адам	1191773	1261942	1236813	1501625	985897
Табиғат қорғау мекемелерінің саны, бірлік	114	114	11 5	11 7	1 17
Экскурсиялық қызмет көрсетушілер саны, адам	46	30	30	49	1 43
Өткізілген экскурсиялар саны, бірлік	499 7	6327	61 10	81 66	2 705
Ескерту: Автор [3] әдебиет көзі негізінде құрастырған					

Кестеде көрсетілгендей, ЕҚТА келуші экотуристер саны айтарлықтай жоғары емес. Егер 2016 жылы 1191773 адам ЕҚТА қызметін тұтынған болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 17, 3% азайып, 985897 адамды құраған. Ерекше қорғалатын табиғи нысандарда өткізілген экскурсиялық қызметтердің көлемі 2020 жылы 2016 жылға қарағанда 54,1 пайызға төмендеп, 2705 экскурсия өткізілген. Басқа елдердегі ұлттық парктарға бару деңгейіне қарағанда бұл көрсеткіш өте төмен. Мысалы, Ұлыбританиядағы Cambridge университетінің сарапшылары жасаған деректер бойынша АҚШ-та тек "Golden Gate" ұлттық паркіне жыл сайын 13,7 миллион адам, ал атақты "Гранд Каньонға" 4,29 миллион адам жыл сайын келеді. Басқа елдердің де көрсеткіштері айтарлықтай жоғары: Ұлыбританияда – "Lake District" ұлттық паркі – 10,5 млн. адам, "New Forest" ұлттық паркі – 4,3 млн. адам, Канадада "Seven Montain" ұлттық паркі – 9,2 млн. Адам[3].

Қазақстанда жыл сайын ЕҚТА келушілер санының баяу артуына қарамастан, туристер легінің қарқынды өсуі әзірге байқалмайды. Мұның басты себебі, ЕҚТА-дағы туризмді белсенді дамытуға кедергі болатын нормалар бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес мемлекеттік орман қорларының учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы Қазақстан республикасының азаматтарына және шетелдік тұлғалар қатыспайтын заңды тұлғаларға ғана беріледі. Осыған байланысты шетелдік инвесторлар Мемлекеттік ҰТП аумағында туристік объектілерді салуға және туристік қызметті дамытуға қызығушылық танытпайды.

Сонымен қоса, Қазақстанда экологиялық туризмнің әлсіз дамуының себептерін қарастырар болсақ:

- ЕҚТА экологиялық туризм маршруттарын дамытуға қаражаттың жетіспеушілігі;
- туристерге қызмет көрсету үшін арнайы оқытылған кадрлардың жетіспеуі;
- туризм нысандарының жол тораптарынан үлкен арақашықтықта орналасу себебінен көліктің қолжетімділігінің төмендігі;
- экотуристік мақсатпен келетін туристер саны туралы толық статистикалық есептіліктің болмауы;

- экотуризмді ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибенің болмауы.
 - экологиялық туризмнің нормативті-құқықтық базасының дамымағандығы;
 - экологиялық туризмнің объектісінің жағдайы мен саны жөніндегі статистикалық есептің болмауы;
 - салық саясатының жетілмегендігінің нәтижесінде туристік қызметке шетел туристерін қабылдайтын және отандық туристерді шетелге жіберілуін жүргізетін туристік фирма қызметінің сипатын шектеусізден 20 % көлемінде қосымша құнға салық салынады[3];
- Десек те, Қазақстанның бәсекеге қабілетті экотуризм орталықтарын дамыту мүмкіндігі де өте жоғары. Атап айтар болсақ:
- республиканың жеті жол торабында орналасуы, яғни, халықаралық туристік ағындардың осы аумақ арқылы өтуінде қолайлы геосаяси жағдайы;
 - саяси тұрақтылықтың болуы, демократиялық өзгерістер мен экономикалық реформалардың өткізілуі;
 - экологиялық туризмді ұйымдастыру үшін әр облыста сан түрлі табиғи ландшафтар, флора мен фаунаның өзгешелілігі;
 - мәдени және тарихи рекреациялық объектілердің өзгеріссіз, баз қалпында, алуан түрлі орналасуы;
 - бос еңбек ресурстарының көптеп шоғырлануы. Ал, басты назар аударарлық кедергі – экологиялық турзмде туристік маршруттар бойында бұзылған жолдар, қызмет көрсету сферасының жеткілікті дамымауы және т.б.

Бұдан басқа, туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерге жолдарды салу мен реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды табиғат қорғау мекемелерінің қаржыландыруына қатысты норма енгізілді. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-бабына ЕҚТА аумағында республикалық маңызы бар инфрақұрылымды дамыту объектілерін (жолдар, көпірлер, электр беру желілері және басқа коммуникациялар) салу жөніндегі іс-шараларды жергілікті атқарушы органдардың тікелей қаржыландыруына мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді[4].

Экологиялық және табиғи туризм – Қазақстанда туризмді дамыту басымдықтарының біріне жатқызылады. Әлемдік туризм мониторинг халықаралық консалтингтік тобының мәлімдемесі бойынша (International Tourism Consulting Group, World Travel Monitor Company) Туристер үшін Қазақстанда қызығушылығын арттыратын аймақтар болып табылады:

- жабайы табиғат (74 %);
- тұзды және тұщы көлдері бар далалар (69 %);
- шексіз шығындар мен ландшафттар (68 %);
- көшпенділер мәдениеті (63 %);
- таулар (59 %);
- адам қолы тимеген табиғат (58 %);

Қорытындылай келе, өзінің өзіндік ерекшеліктеріне ие бола отырып, Қазақстанның бәсекеге қабілетті туристік индустрияны құрудың үлкен мүмкіндігі бар деп тұжырымдауға болады. Экологиялық туризм нысаны ретінде, негізінен, таза табиғат аясы қолданылатындықтан, инфрақұрылымды табиғи ландшафтар күшті өзгерістерге ұшырамайтындай етіп дамыту керек. Табиғи ортаны экотуризм нысаны ретінде сақтау экологиялық туризмнің басты міндеті болып есептеледі, жергілікті тұрғындардың мүдделерін қанағаттандыратын белгілі бір пайда әкеле отырып, табиғи ортаны табиғи жағдайда сақтауға бағытталу керек. Бұл елдің экономкасына да, халықтың тұрмыстық жағдайына да оң әсерін тигізері анық. Туристік іс-әрекеттің нәтижесінде экожүйеге теріс әсерді азайтудың ең тиімді тәсілі бұл – экотуризмнің дамуы[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алиева Ж.Н. Экологический туризм. – Алматы, Қазақ университеті, 2002.

2. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>

3. Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 65 бет 2016-2020 жж.// stat.gov.kz

4. Экологиялық туризмді дамытудың маңыздылығы//<https://lektsii.net/5-40259.html>

5. Қазақстанның экологиялық және табиғи туризмі неміс тұтынушыларына ұсыныс ретінде//<https://articlekz.com/kk/article/29311>

ӘОЖ 338.48

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК АЙМАҚ РЕТІНДЕГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Тәжен Айдана Нұрсұлтанқызы

aidanatazhen11@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова, э.ғ.к., профессор м.а.

Туризм саласы – отандық экономиканы дамытудағы басым бағыттардың бірі. Бұл саланы өркендетудің негізгі кілті болып туристік аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саналады. Еліміздегі сондай аймақтардың бірі – Түркістан облысы. Аталмыш өңірдің туристік әлеуеті, соның ішінде этнографиялық туризмді дамытуға мүмкіндігі зор. Облыс орталығы болып табылатын Түркістан қаласы республикалық дәрежедегі ТОП-10 туристік дестинациялардың қатарына кіреді. Ежелгі өркениеттердің қиылысында орналасқан және тарихи-мәдени объектілерге толы бұл аймақ күллі түркі әлемінің рухани астанасы атануды көздейді. Сондықтан осы облыс зерттеуіміздің объектісі ретінде алынды, ал мақсатымыз – облыстың туристік саладағы бәсекеге қабілеттілігін талдау.

Зерттеу әдістері

Өңірдің бәсекеге қабілеттілігі тұжырымдамалары көпқырлы болғандықтан, әдетте оны бағалауда авторлар түрлі субъективті көзқарастарға жүгінеді. Біз бәсекеге қабілеттілікті талдауда Ритчи мен Краучтың [1] ұсынған тәсілін қолдануды жөн көрдік, себебі бұл әдіс барынша ауқымды және туризм саласына икемді болып табылады. Олардың моделіне сәйкес аймақтың бәсекеге қабілеттілігі келесі факторлармен анықталады: негізгі ресурстар және аттракциялар, қолдаушы ресурстар мен факторлар, стратегиялық жоспарлау және реттеуші органның рөлі, орта факторлары (саяси жағдай, географиялық орналасуы және т.б.). Сонымен қатар, мақалада талдау, салыстыру сияқты жалпылогикалық әдістер қолданылды.

Талқылау

Түркістан облысы 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының атауын өзгерту нәтижесінде пайда болды. Бұл шара өңірде туризм саласы бойынша үлкен жобаларды жүзеге асыруға ұласты. Түркістан облысын бәсекелестік артықшылықтармен негізінен мемлекетіміз қамтамасыз етіп отырғандығын төмендегі факторларды қарастыру барысында аңғаруға болады.

Негізгі ресурстар мен аттракциялар. Түркістан облысында 4 ұлттық саябақ пен қорық, 26 мұражай, 61 емдік-сауықтыру орталықтары бар. Облыста ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар мен Сауран ежелгі қалалары, Арыстан баб кесенесі орналасқан. Қожа Ахмет Яссауи кесенесін 2021 жылдың 10 айында 1 млн. 330 мың адам тамашалап қайтқан. Бұл көрсеткіш кесененің аймақтағы ең басты аттракция екеніне дәлел бола алады. Түркістан қаласының инфрақұрылымы да жылдан-